

FTAMP 16.21.07

DOI: <https://doi.org/10.47344/m6eq8349>Меруерт Шакенова^{1*}¹SDU University, Қаскелең, Қазақстан*e-mail: merushakenovaert@gmail.com

ТІЛДІК ТҮЛҒАНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қарастырылатын негізгі мәселе – етістіктің аналитикалық форманттары негізінде тілдік тұлғаның прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру. Етістіктің аналитикалық форманттары мен формаларының беретін мағынасы сөйлеу кезінде, яғни тілдік жұмсалым кезінде көрініс табатынын прагматикалық құзыреттілікпен байланыстыра отырып қарастырылды. Қалып етістіктерінің өзгеру процесі, оның ішінде жанама мағыналары сөйлеу жағдаятында толық ашылып, сол арқылы адресанттың ойы, жеткізгісі келген идеясы анықталады. Қазіргі таңда тілдік тұлғаның прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру студенттермен жұмыс істеуде талданып, толықтай талқыға салынды.

Түйін сөздер: құзыреттілік, прагматикалық құзыреттілік, сөйлеу жағдаяты, етістіктің аналитикалық форманттары, аналитикалық формалар, қалып етістіктер.

Кіріспе

Тілдік тұлғаның прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру – мектеп қабырғасынан бастап оқушының дұрыс сөйлеуіне үйрететін негізгі жол. Оқу-танымдық процесте оқушының тек грамматикалық тұлғаларды меңгеруі аздық етеді, қазіргі таңның өзекті мәселесі – тілдік қолданыста коммуникативтік құзыреттілікті арттырып, сауатты тұлғаны қалыптастырып шығару. Ал бұл жолдағы басты мәселе – құзыреттілік пен оның ішінде коммуникативтік, прагматикалық құзыреттіліктің мәні мен мағынасын толық аша біліп, соның аясында оқушылардың танымдық процесін арттыра түсу.

Алғаш рет «лингвистикалық құзыреттілік» (linguistic competence) терминін ғылыми айналымға енгізген Наоми Хомский өзінің еңбегінде құзыреттілік ұғымына былайша анықтама берген: «Прагматикалық құзыреттілік – ана тілінде нақты тілдік әрекетті қолдану ептілігі» [1, 138]. Әуел баста тілдік құзыреттілік тілдік менталдық білім туралы ғылым саласы болып түсіндірілсе, «тілдік әрекет» (linguistic performance) нақты жағдаятта тілді қолдану мәнін білдірген [2, 156]. Н.Хомский салған бастапқы терминдік мағына кеңейіп, керісінше сөйлеу кезінде тілдік қолданысты білдіре бастаған бұл терминдік мәnnің екі түрлі негізгі аспектісі қарастырылуы тән: біріншісі – прагматикалық құзыреттілік; екіншісі – коммуникативті құзыреттілік.

Біздің қарастыратынымыз да прагматикалық құзыреттілік. Прагматикалық құзыреттілік қазақ тілі пәні аясында оқушының тек лексикалық не грамматикалық білімін алумен ғана шектелмейді, оның беретін мағынасы да анағұрлым кең. Біріншіден, прагматикалық құзыреттілік сөйлеу әрекетімен тығыз байланыстас. Мәселен, сөйлеу кезінде оқушының *айтып отыр, айтып тұр, айта отыр, айтып жүр* немесе *айтып жатыр* тіркестерінің ішінде біреуін таңдап, актуалдауының себебін прагматикалық құзыреттілік негізінде дәлелдеп шығаруға болады. Өйткені прагматикалық құзыреттілік айтылымның жағдаяттың өзектілігі мен әлеуметтік-мәдени контекстін, ділі мен білімін, әлеуметтік жағдайын, сөйлеушінің жасы мен сөйлеу конвенцияларының орындылығын – осылардың барлығын қамтып, сөйлеу кезінде қолданысындағы мақсатын айқындап береді. Осылайша, прагматикалық құзыреттілік түрлі мәнмәтіндерде белгілі бір грамматикалық формадан бастап (біздің қарастыратынымыз етістіктің аналитикалық форманттары) сөйлеу әрекеттерінің нақты формасының неліктен әрі қалай, қашан қолдану керектігін анықтайды.

Сонымен, прагматикалық құзыреттілік сөйлеу әрекетінің дұрыс контекстік қолдануын білуді үйретеді. Ол үшін **біріншіден**, тілдік ресурстарды білу қажет, яғни тілдегі негізгі ұғымдарды, біздің жағдайда грамматикалық формалардың негізін, аналитикалық формалар мен форманттардың беретін мағынасын білу маңызды. **Екіншіден**, оқушы қазақ тілі пәні аясында алған білімін, оның ішінде грамматикалық формалар туралы негізгі теориялық білімді сөйлеу жағдаяты кезіндегі ерекшелікке, сөйлеушінің мақсатына сай біреуін алып актуалдауайды. Әрі осы актуалдау процесін үйрету – біздің міндетіміз.

Әдістер мен материалдар

Аналитикалық форманттардың білдіретін мағынасы әртүрлі болуы мүмкін. Әсіресе, зерттеу нысаны – қалып етістіктерінің білдіретін мағынасы сөйлеу жағдаятына сай өзгеріп отырады әрі сырттай бір тақырып аясында қарастырылып, ұқсас болғанымен, кейде бір-бірін нақты ситуативті жағдаяттарды алмастыра алмай жатады. Мәселен, екі түрлі сөйлемді алып қарастырайық: *Орыс сияқты жері мол, қолтығы кең жұрттың қол астына қарағанына қазақ тәубе қылу керек қой. Анығында қазақ мемлекетке не пайда келтіріп отыр? Түндік басы жылына төрт сом алым төлегені болмаса, әскерге ылау, азық бергені болмаса бұларда не шығын бар? Тек қымызын ішіп, қарнын сипап, қатынына қарап, борбайын тыртыр қасығанды біледі* (Ж.Аймауытов). *Мені неге мұнда ұстап отырсыздар, — деді Роберт жыламсырап, шарасыз күймен. — Менің мұнда отыратын жөнім жоқ қой. Мен саумын зой... Мен саумын. Сестра үн-түнсіз Робертті айналып өтіп кетті. Роберт креслоға отырды. «Бұл білместік, не қастандық», — деп күбірледі өзіне-өзі* (Т.Әбдіков). Бірінші мәтінде *отыр* көмекші етістігі келтіріп сөзімен тіркеседі де, «-п отыр» аналитикалық формант арқылы тіркес тудырып тұр. Екінші мәтінде талдауға алынатын сөз – «ұстап отыру». Ол да «-п отыр» форманты арқылы жасалған. Бірақ бірінші мәтінде *келтіріп отыр* тіркесін *келтіріп тұр* деп алмастырып айтуға келсе, екінші мәтіндегі қарастырылып отырған тіркесті басқа көмекші етістікпен алмастырсақ, контекстік мағынасы да өзгеріп салады. Мысалы, *ұстап тұр* десек, іс-әрекет сөйлеу сәті кезінде ғана қолданылу керек болып шығады, ал *ұстап жатыр* тіркесі қолданысқа мүлдем жат. Бұл жердегі бір ғана аналитикалық формант сөйлеу әрекетіне сай кейде басқа аналитикалық формаға алмастыруға келсе, кейде тек сол сөз адресанттың мақсатын дәл көрсетіп, сөйлеушінің айтқысы келген ойын нақты таныта алады. Осылайша, аналитикалық форманттардың қайсысын қолданып, актуализациялау прагматикалық құзыреттілікке тікелей байланысты. Бұл әрбір аналитикалық тіркестің беретін мағынасы мәнмәтінде ашылатынын танытады.

Мәтін арқылы оқытуда біз кез келген аналитикалық формантпен жұмыс жасау әрекеті қамтылуы тиіс. Прагматикалық құзыреттілік арқылы студент тілдік құзыреттілікке ие болу керек. Бұл жердегі біздің басты мақсатымыз – аналитикалық формалы тіркестің білдіретін мағыналарын көрсету. Мәселен, бір ғана «отыр» сөзінің беретін мағыналары оның аналитикалық формант құрамындағы мағынасын көрсету де маңызды: **босаң күрделі етістік ретінде істің босау, жол-жөнекей, басқа іспен байланыста жасалуы** (*оқи отыру*); **қалау мәнді күрделі етістік құрамында сөйлеушінің бір істі қалауын не қаламауын білдіруі** (*шай ішкім келіп отыр*); **қимылдың жасауға бейімділігін білдіретін аналитикалық формант ретінде қолданылуы** (*жүргелі отыр*); **ұзақ болатын қимыл не оның одан әрі жалғасуын білдіретін мағына** (*көріп отыр, тыңдап отыр*). Осы мағыналардың болатынын көрсеткеннен кейін екінші кезекте оның сөйлем не мәтін кезіндегі актуалданған мағынасын көрсете аламыз. Мысалы, келесідей мәтінді алып қарастырайық: Үш орыс қолдарына шырағдан алып, қораны, үйді, тезекті, шұқырды, жүкті, пішенді - бірін қоймай найзаларымен піскілеп тінтіп жүр. Зымзия, Ақбілек жоқ. «Орыстар келіп қалды» дегенде бәйбіше теріскейдегі кішкене есіктен ештеп шығып, жер бауырлап, бүкеңдеп, Ақбілегін жетелеп, бір апанға апарып: «Тырп етпей жат!» деп кеткен. Қыз табылмай, сандалып, долданып қайтқан үш орыс бәйбішені терезе алдына етпетінен **басып отырып**, жиырма бес қамшы соқты. Үні шықса, Ақбілегінің жаны қабат шығады ғой, құшырлана тістеніп, ышқына ыңқылдағаннан басқа дыбыс бермеді. Желге, күнге тигізбей, аялап өсірген жалғызын «кәпірге» қорлыққа қиғаннан өлгені артық емес пе?

(Ж.Аймауытов «Ақбілек» романынан үзінді) Мәтіндегі ақпараттың бізге керегі – «басып отыру» тіркесіндегі беретін мағына. «-ып отыр» формантының беретін мағынасы оның ұзақ қимылды не оның одан әрі жалғасуын білдіреді. Яғни, «отыр» көмекші етістігі тіркес құру барысында беретін мағыналарынан біреуі ғана актуалданады да, бірнеше мағынанан бір ғана мән үстейді.

Дәл осыны оқушыларға үйретуде мәтінмен жұмыс жасауға, мәтіннің прагматикалық мәнін үйрету басты назарға алынады.

Нәтижелер мен оларды талдау

Ендігі мәселе – жоғары мектеп студенттеріне прагматикалық құзыреттілікті үйрету. Аналитикалық формаларды оқыту барысында әрбір тіркестің ерекшелігін оқыта отырып, мәтінде соны талдауға, тануға үйрете білуіміз қажет. Бұл дегеніміз прагматикалық құзыреттілік деңгейінде, яғни сапалы коммуникативтік қарым-қатынас пен ойды жеткілікті түрде жеткізу үшін оның айтылуы мен грамматикасын, сөздік қорды білу деңгейімен шектеліп қалмауы қажет. Керісінше, тілдік қатынас ережелері мен мәлімдеменің көп деңгейлігін, ауыспалы мағынасын білу, белгілі бір аналитикалық форманттың білдіретін жанама мағыналарын ескеру де өте маңызды [3, 210]. Оқушылар мен студенттердің сөз тіркестерінің білдіретін контексттік мағынасын білмеуінен қарым-қатынас жағдайында қателіктер жіберіледі.

Ал әрбір аналитикалық форманың контексттік мағынасын түсіндіру үшін міндетті түрде мәтін тапсырмалары жасалып, сабақ барысында бір ғана аналитикалық форманттың беретін түрлі мағынасына талдау жасалуы керек. Бұл студенттің тақырыпты өту барысында қалып етістіктерінің беретін мағынасындағы ерекшеліктерімен бірге, дәл сөйлеу жағдаятында, нақты контекстте білдіретін мағынасын тануға әкеледі. Бұл ерекшеліктерді Ы.Маманов төмендегідей көрсетеді (Кесте 1):

Кесте-1. Ы.Мамановтың қалып етістіктерін жіктеуі

Настоящее универсальное	Форматив – вспомогательный глагол «жатыр»
Настоящее длительно	Форматив – «жүр»
Настоящее непрерывно	Форматив – «тұр»
Настоящее активно-данное	Форматив – «отыр»

Ғалым «жатыр» етістігін түсіндіргенде, үш түрлі сөйлем ұсынған: *Бейімбет бір үлкен роман жазып жатыр; Мұхтар қайда? Ана бөлмеде хат жазып жатыр; Біздің калхозымыз бір айдан бері бәйгеге ат дайындап жатыр*. Ы.Маманов көрсетуінше бірінші сөйлемде *жатыр* қалып етістігі іс-әрекеттің ұзақтығын білдіріп тұр. Бұл сөйлемдегі кілт сөз тек қана грамматикалық форма мен формант қана емес, «ұзақ роман» сөзі де істің бір мезетте аяқталмайтындығын танытады. Ал екінші сөйлемдегі *жазып жатыр* тіркесі дәл қазір орындалып жатқанын, үшінші сөйлемде әрекеттің әлі аяқталмай, *дайындап жатыр* тіркесінен бөлек, «бір айдан бері» уақытты білдіретін бұл сөз де процесте өтіп жатқанын көрсетеді. Осылайша, ғалым жіктемесіне сай «жатыр» көмекші етістігі нақты жағдайда ұзақтықты да, сөйлеу сәтінде болып жатқан әрекетті де білдіре алады.

Ы.Маманов *отыр* тіркесі тек қана сөйлеу сәтінде болатын әрекетті білдіретінін жазады: «Форма с *жатыр* – универсальна. Она может употребляться, если говорящему необходимо уточнить, идет ли процесс письма именно в данную минуту или нет, если ему достаточно сообщить лишь о том, что процесс письма вообще идет, но в данную минуту он мог иметь перерыв, – и в значении Длительного-Настоящего и в значении Данного. Форма же с *отыр* возможна только в последнем значении. Поэтому она не может иметь места там, где необходимо вытекает длительность действия, вроде того, что было в примере для формы с *жатыр*» [4, 220-221]. Керісінше, *жүр* тіркесі ұзақтық білдіре алады: *Бейімбет бір үлкен роман жазып жүр*.

Ал қалып етістіктерінің ішіндегі ең күрделісі – *тұр* етістігі. Мәселен, *жел соғып тұр, күн шығып тұр, мал оңалып тұр, дөңгелектер айналып тұр* тіркестерінде *отыр* көмекші естігі білдіретін іс-әрекеттің статикалық күйі жоқ, тіпті адамға қатысты да емес. «Тұр» көмекше етістігінің де басты ерекшелігі – оның процесс уақытында тұрақтылықты білдіре бастауы. Ғалым тұр мен отыр тіркестерінің айырмасын түсіндіруде екі түрлі мысал ұсынған (Кесте 2):

Кесте-2. «Жұр» мен «тұр» қалып етістіктерінің айырымын сөйлем арқылы көрсету

Bizдің brijgadamыз бытырдан beri бәjгі алып сұғ.	«алып жұр» тіркесі бұл сөйлемде ара-тұра алады деген мағынаға жақын;
Bizдің brijgadamыз бытырдан beri бәjгі алып тұр.	«алып тұр» тіркесі бұл сөйлемде әрекеттің тоқтаусыз орындалатынын көрсетеді.

Осылайша, ғалым төрт қалып етістігінің беретін мағынасын жіктеп, оның контексттегі көрінісін толықтай ашып береді [4, 224]. **Бұл теориялық білімді студентке прагматикалық құзыреттілік негізінде түсіндірудің бірден-бір жолы – мәтін.** Мәтін арқылы әрбір қалып етістігінің беретін мағынасын толықтай ашып көрсетуге болады. Мәтінмен жұмыс жасау түрлі аспектіде жүзеге асады. Бірақ мұғалімнің міндеті – мәтіндерді дұрыс таңдап, студенттің прагматикалық құзыреттілігін танытуда мәтінмен жұмыс жасап, өзі де сондай мәтін тудыра алуына көмек беру.

Бұл орайда мұғалім сыни ойлау технологиясын қолдана алады: Сыни ойлау технологиясының артықшылықтары:

- 1) оқушы не студент өз бетінше ізденеді, соның нәтижесінде өзі тұжырым жасап, қорытынды жасайды;
- 2) ұқсас құбылыстардың арасынан өзіне тиістісін, қажетін таба алады;
- 3) проблеманы шеше алады;
- 4) дискурсқа түсіп, кез келген пікірталаста өзінің ойын аша алады;
- 5) кез келген мәтіндегі ойды өзінше тұжырым жасап, аналитикалық ойлауды қалыптастырады [5, 11].

Сыни ойлау технологиясына жататын келесідей тапсырма үлгісін ұсынуға болады. Біріншіден, мұғалім оқушыларға мәтін үлгілерін береді. Оқушы мәтінмен толық танысып шыққан соң, ондағы аналитикалық форманы табады. Мәтін үлгісі:

Қазіргі заманғы философия адам мен оның рухани шындығына басты назар аударып отыр. Тілді философиялық тұрғыдан қарастырудың күшеюі сондықтан. Осы мәселені зерттеп отырған философиялық бағыттарды екі топқа бөлуге болады: тілді М.Хайдеггер айтқандай, «болмыстың үйі» және В. Фон Гумбольдт пайымдағандай, «рухтың қуаты» ретінде түсіну. Бір қызығы, тілді түсінудің осы екі типін де қазақ халқының сөз өнеріне қатысты айтқан даналық сөздерінен анық байқауға болады. Шынында да, кез келген адамның өзіндік болмысы немесе халықтың ұлттық болмысы оның тілі арқылы ашылады.

(Қазақ тілі, 9-сынып оқулығы)

Оқушыға мәтін ұсынылады. Келесі кезекте оқушының міндеті – аналитикалық формалы етістіктерді тауып, беретін мағыналарын, оның бір ғана актуалданған мағынасын ашып көрсету. Берілген үзіндіде «аударып отыр» аналитикалық формасы кездескен. Бұл аналитикалық форманың беретін мағыналарынан бөлек, мәтіндегі мағынасын ашу маңызды. Сол себептен оқушы «отыр» көмекші етістігі арқылы жасалған аналитикалық форманттың беретін мағыналарын жинақтайды да, «-п отыр» формантының беретін мағынасын айқындап, оның мәтіндегі күйімен салыстырады. Соңында аналитикалық форманттың мағынасының қаншалықты деңгейде өзгертінді мен мәтіндегі ерекшелігін тану мәтін арқылы, ал әдістеме тұрғысынан сыни ойлау технологиясы арқылы ашылғанын көреміз.

Қорытынды

Қазақ тіліндегі аналитикалық формантты етістіктердің оқыту әдістемесі күні бүгінге дейін дәл әрі толық әзірленген жоқ. Әсіресе, жоғарғы мектепте оқытудың әдістемесі тілдің негізгі

жүйесін сақтауға, ішкі құрылымын өзгертпеуге, тілдің бұрмалауына әкелмеуі үшін аналитикалық формантты етістіктердің мәнін толық түсініп, оны контексттік жағдайда түсіндіріп отыруымыз міндетті. Оның үйретудің бірден-бір әрі тиімді жолы – сыни оулай технологиясы арқылы студенттерге прагматикалық құзіреттілікті қалыптастыру.

Дәл осы сыни ойлау арқылы студент мәтінде кездескен аналитикалық форманттардың беретін мағынасын сөйлеу жағдаятымен салыстырмалы түрде талдап, адресанттың жеткізгісі келген ойын түсіне алады. Бұл – прагматикалық құзіреттіліктің бірден бір көрінісі. Студент талдауға ұсынылған мәтіндегі негізгі ойды танып, жазушының жеткізгісі келген ойын түсіну үшін, өзі де дұрыс аналитикалық формаларды танып, өмірде қолдана білуі үшін сыни ойлау технологиясы мәтінтану деңгейде оқытылу қажет. Қандай да мәтін кездеспесін, оқушы не студенттің басты мақсаты – мәтінде айтылған ойды жетік түсіну, автордың жеткізгісі келген ойын дәл ұғыну және сол мәтінді тудыра алуға, керек болса мәтіндегі ойдың негізін өмірде қолдана алуға жұмсау. Бұл орайда тек лингвистикалық білім ғана емес, грамматикалық құзіреттілікті де дамыту маңызды орын алмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Шукин А.Н. Обучение иностранным языкам: Теория и практика. М., 2010
- 2 Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. М., 1972.
- 3 Жанысбекова Ш.Т. Жоғары сынып оқушыларының прагматикалық құзіреттілігін қалыптастыру туралы. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», №4 (72), 2021.
- 4 Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
- 5 Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы / А.Қ.Әлімов Асхат Қамзаұлы. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 б.

References

- 1 Şukin A.N. Obuchenie inostrannym yazykam: Teoriya i praktika. M., 2010
- 2 Homskii N. Aspekty teorii sintaksisa. M., 1972.
- 3 Janysbekova Ş.T. Joğary synyp oquşylarynyň pragmatikalyq qūzirettılıgın qalyptastyru turaly. Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya «Pedagogicheskie nauki», №4 (72), 2021.
- 4 Jūbanūly Q. Qazaq tıl bılıminıń мәseleleri / Qūrast.: Ğ.Әnes. – Almaty: «Abzal-Ai» baspasy, 2013. – 640 b.
- 5 Älimov A.Q. İnterbelsendi oqu ädistemesin mektepte qoldanu. Oqu qūraly / A.Q.Älimov Ashat Qamzaūly. – Astana: «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBŪ Pedagogikalyq şeberlik ortalyğy, 2014. – 188 b.

Meruyert Shakenova^{1*}

¹SDU University, Қаскелең, Қазақстан
e-mail: merushakenovaert@gmail.com

WAYS TO FORM AND DEVELOP THE PRAGMATIC COMPETENCE OF A LINGUISTIC PERSON

Abstract. The main problem that will be considered in the article is the formation of pragmatic competence of a linguistic person on the basis of analytical formants of verbs. It was considered in connection with pragmatic competence that the meaning given by analytical formants and forms of verbs is reflected in speech, that is, in linguistic spending. The process of changing posture verbs, including indirect ones, is fully revealed in the speech situation, thereby determining the thought of

the addressee, the idea that he wanted to convey. Currently, the formation of pragmatic competence of a linguistic person has been analyzed and fully discussed in working with students.

Keywords: competence, pragmatic competence, speech situation, analytic formants of verbs, analytic formals, posture verbs.

Меруерт Шакенова^{1*}

¹SDU University, Каскелен, Казахстан

e-mail: merushakenovaert@gmail.com

ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ПРАГМАТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ

Аннотация. Основной проблемой, рассматриваемой в статье, является формирование прагматической компетентности языковой личности на основе аналитических формантов глагола. Рассматривалось в связи с прагматической компетентностью, что значение, которое дают аналитические форманты и формы глагола, проявляется в речи, то есть в языковой речи. Процесс изменения глаголов формы, в том числе косвенных значений, полностью раскрывается в речевой ситуации и тем самым определяется мыслью адресанта, идеей, которую он хотел передать. В настоящее время формирование прагматической компетентности языковой личности проанализировано и полностью проанализировано в работе со студентами.

Ключевые слова: компетентность, прагматическая компетентность, речевая ситуация, аналитические форманты глаголов, аналитическая формальность, форма глаголов.

Келін түсті 30 Қазан 2024